

1. Өндірістегі текстиль өнімін бақылаудың негізгі түрі
 - A) пассивті
 - B) аралас
 - C) тізбекті
 - D) активті
 - E) үздіксіз
2. Талшықты массаны иіруге дайындау операцияларының реті
 - A) қопсыту, түту, араластыру, тарау
 - B) түту, араластыру, тарау, қопсыту
 - C) тарау, қопсыту, ағарту, араластыру
 - D) араластыру, тарау, қопсыту, созу
 - E) араластыру, қопсыту, тарау, иіру
3. Аяқталған айқаспа (өрім) суретін құрайтын желіс (негіз) және арқау жіптерінің саны
 - A) раппорт
 - B) өрім
 - C) өрнек
 - D) сурет
 - E) айқаспа
4. Мақтаның пісіп жетілу дәрежесіне тәуелді болатын мақта талшықтарының қасиеті
 - A) беріктігі, ұзындығы
 - B) химиялық қасиеті
 - C) биологиялық қасиеті
 - D) отқа төзімділігі
 - E) гигроскопиялығы
5. Ауаның салыстырмалы ылғалдылығы $\varphi=100\%$, температурасы 20°C болған кездегі талшықтардың ылғалдылығын анықтайтын сипаттама
 - A) гигиеналығы
 - B) жууға тұрақтылығы
 - C) отқа тұрақтылығы
 - D) гигроскопиялығы
 - E) эргономикасы
6. Қосымша өңдеу арқылы құрылымы өзгертілген химиялық кешенді жіп
 - A) кері ширатылған
 - B) ширатылған
 - C) жоғары көлемді
 - D) текстурленген
 - E) оң ширатылған
7. Бір километрге келетін жіптің салмағының көрсеткіші
 - A) метрлік нөмері
 - B) сызықтық тығыздығы
 - C) беттік тығыздығы
 - D) түсінің қанықтығы
 - E) біркелкісіздігі

8. Полимердің термиялық бұзылуы жүретін температураның сипаты
- A) бояуға тұрақтылығы
 - B) ыстыққа тұрақтылығы
 - C) аязға тұрақтылығы
 - D) гигроскопиялығы
 - E) гидрофобтылығы
9. Технологиялық процесстер мен жабдықтардың жиынтығы арқылы дайын иірімжіп алуға арналған жүйе
- A) түту
 - B) ширату
 - C) иіру
 - D) тарау
 - E) созу
10. Текстиль талшығы немесе жібі үзілгенге дейін төтеп беретін ең үлкен күш
- A) үзу жүктемесі
 - B) тарау саны
 - C) үзу ұзындығы
 - D) тығыздығы
 - E) созу саны